ҒТАХР
11.15.45

https://doi.org/10.52536/2788-5860.2022-4.05

Жанна Кәрімова
ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, PhD
(Астана Қазақстан)
e-mail: Karimova_Zh@kisi.kz

ҚАЛА МЕН АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІНДЕГІ АЛШАҚТЫҚ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КЕЙС

Аңдатпа. Мақалада тиісті статистикалық деректерді талдау және білім беру саласындағы халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері негізінде орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде қала және ауыл оқушыларының оқу жетістіктеріндегі теңсіздіктің жеке көріністері талданған. Статистикалық мәліметтерді қайталама талдау және социологиялық зерттеулердің нәтижелері негізінде Қазақстанда қала мен ауыл арасындағы білім теңсіздігінің қалыптасуының ықтимал себептері анықталған.

Түйін сөздер: *білім, білім сапасы, білім берудегі теңсіздіктер, Қазақстан Республикасы.*

Жанна Каримова

РАЗЛИЧИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ДОСТИУЖЕНИЯХ ГОРОДСКОЙ И СЕЛЬСКОЙ МОЛОДЕЖИ: КАЗАХСТАНСКИЙ КЕЙС

Аннотация. В статье на основе анализа актуальных статистических сведений и результатов международных сопоставительных исследований в области образования анализируются отдельные проявления неравенств образовательных достижений между городскими и сельскими учащимися на уровне среднего, технического и профессионального, высшего и послевузовского образования. На базе вторичного анализа статистических сведений и результатов социологических исследований выявлены возможные причины формирования образовательных неравенств между городом и селом в Казахстане.

Ключевые слова: *образование, качество образования, образовательные неравенства, Республика Казахстан.*

Zhanna Karimova

DIFFERENCIES IN EDUCATIONAL ACHIEVEMENTS OF URBAN AND RURAL YOUTH: THE CASE OF KAZAKHSTAN

Abstract. Based on the analysis of statistical data and international educational comparative studies, the article analyzes inequalities in educational achievements

between urban and rural students at the level of secondary, technical and vocational, higher, and postgraduate education. With secondary analysis of statistical data and sociological studies, possible reasons for the formation of educational inequalities between urban and rural areas in Kazakhstan were identified.

Key words: *education, quality of education, educational inequalities, Republic of Kazakhstan.*

Кіріспе

Білім жетістіктеріндегі теңсіздік мәселесі XX ғасырдың ортасынан бері әр түрлі ғылым салалары мамандарының көңілін аударып, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді [1-4].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес *баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі* білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Әлеуметтік және әділ мемлекет идеясы мемлекеттік саясаттың осы және басқа да принциптерін жүзеге асыруға негізделген. Бұл ретте, орта, техникалық және кәсіби, сондай-ақ жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру деңгейлерінде байқалатын қала және ауыл жастарының білім сапасының алшақтығы іс жүзінде бұл қағидаттың толық орындалмай отырғанын көрсетеді.

Зерттеу әдістері

Заманауи француз социологиялық мектебінің өкілдері әлеуметтік феномендерді зерттеуде бірнеше деңгейлі, яғни макро-, мезо- және микро-деңгейлік факторларды ескере отырып зерттеудің эпистемологиялық құндылығын ерекше атап өтеді. Олардың қатарында Жан-Юг Дешо [5], Франсуа Дюбэ [6], Лоранс Тэн [7], Ники Ле Февр [8], Эмманюэль Сантелли [9] және т.б. әлеуметтанушылардың ғылыми еңбектерін атап кетуге болады. Бұл ғылыми бағыттың басты идеясы – әлеуметтік феномендерді зерттеуде құрылымдық (контекстуалды) жағдайлармен қатар, акторлардың стратегияларын (agentivité) ескеру. Мұндай ыңғай зерттеу әдістемесінен көрініс тауып, сапалық әдістер мен мультипәндік құралдың қолдануын талап етеді.

Аталмыш мақала шеңберінде білім жетістіктеріндегі алшақтық феноменіне ықпал ететін құрылымдық факторлар зерттелген. Нақтырақ айтқанда, статистикалық және социологиялық мәліметтерді, сонымен қатар білім беру саласындағы салыстырмалы зерттеулердің нәтижелерін қайталама талдау негізінде білім жетістіктерін қалыптастырушы кейбір факторлар талданған. Жастардың білім беру жүйесіндегі агентивтілігі автордың басқа ғылыми еңбектерінде зерттелген [10].

Зерттеу нәтижелері

Ресми статистикалық мәліметтерді интерпретациялау нәтижесінде орта, кәсіби және техникалық, сонымен қатар жоғары білім беру деңгейлерінде қала

мен ауыл жастарының академиялық жетістіктеріндегі келесідей алшақтықты байқауға болады.

Орта білім деңгейінде тиісті жастағы қала және ауыл жастарының білім сапасының алшақтығының айқын көрсеткіштері ретінде ОЖСБ, ҰБТ және пәндік олимпиадалардың жыл сайынғы нәтижелерін, сондай-ақ академиялық көрсеткіштері мен жетістіктері үшін жоғары бағаға – «Алтын белгі» төсбелгісіне ие болу статистикасын қарастыруға болады.

2019 жылы республиканың қалалық мен ауылдық мектептерінің 9-сынып оқушылары арасында өткізілген ОЖСБ нәтижелері қала және ауыл оқушыларының білім сапасындағы айырмашылықты көрсетіп отыр. Атап айтқанда, бағалау қорытындысы бойынша еліміздің қала мектептеріндегі оқушылардың орташа жетістігі 43,33 баллды құраса, ауыл мектептеріндегі оқушылар орта есеппен 35,17 балл жинаған. Орыс тілінде оқытатын мектеп оқушыларының нәтижелері (42,15 балл) қазақ тілді мектептердегі оқушылардың оқу жетістіктерінен сәл жоғары болды (39,16 балл) [11]. Оқушылардың оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтар мектеп түрлері бойынша да байқалады: республика бойынша орташа көрсеткіш – 47,47 балл бола тұра, лицей оқушылары үшін орташа көрсеткіш 49,63 балл, ал гимназия оқушылары үшін 64,44 балл құраған.

2021 жылғы ҰБТ қорытындысы да қала және ауыл оқушыларының оқу жетістіктеріндегі айқын айырмашылықты көрсетеді. Осылайша, тестілеу нәтижелері бойынша мүмкін 140 баллдың ішінен ең төмен баллды (1-49 балл аралығында) қала оқушыларының 19,1% және ауыл оқушыларының 24,9% алған (1 және 2 кестелері). Оқыту тілі бойынша тестілеу нәтижелерін талдау қазақ тілінде оқытатын ауыл мектептері оқушыларының төмен нәтиже көрсеткенін аңғартады: ауылдық қазақ тілді мектепте әрбір төртінші оқушы (25,6%) және орыс тілінде оқытатын ауыл мектебінің әрбір бесінші оқушысы (20,8%) 2021 жылғы ҰБТ қорытындысы бойынша 1-ден 49 баллға дейін жинаған (2-кесте).

1 кесте. Қала мектептерінің 2021 жылғы түлектері үшін ҰБТ қорытындысы

АЙМАҚТАР	**Қалалық мектептерден қатысушылар, тестілеу тілі бойынша**			**1-49 балл жинаған қалалық түлектер**		
				1-49 бал		
	Барлығы	***Қаз.***	***Орыс.***	***Барлығы***	***Қаз.***	***Орыс.***
Жалпы республика бойынша (ад.)	58 868	39 031	19 567	11 240	8 341	2 879
1-49 балл жинаған қалалық түлектердің үлесі (%)				19,1	21,4	14,7

2 кесте. Қала мектептерінің 2021 жылғы түлектері үшін ҰБТ қорытындысы

АЙМАҚТАР	Қалалық мектептерден қатысушылар, тестілеу тілі бойынша			1-49 балл жинаған қалалық түлектер		
				1-49 бал		
	Барлығы	*Қаз.*	*Орыс.*	*Барлығы*	*Қаз.*	*Орыс.*
Жалпы республика бойынша (ад.)	48 745	41 982	6 755	12 151	10 743	1 405
1-49 балл жинаған қалалық түлектердің үлесі (%)				24,9	25,6	20,8

Еліміздегі мектеп оқушыларының пәндік олимпиадалардағы жетістіктер статистикасы да ауыл оқушыларының олимпиадаға қатысып, көксеген медальді алу мүмкіндігінің шектеулі екенін көрсетеді. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының мәліметі бойынша, 1992-2021 жылдар аралығында ең көп медальді жеңіп алған Алматы қаласының оқушылары – 90, екінші орында Республикалық физика-математика мектебінің (Алматы және Нұр-Сұлтан) оқушылары – 72, ал 55 медальмен үздік үштікті түйіндеген Жамбыл облысы [12].

Пәндік олимпиада жеңімпаздары арасында қала оқушыларының басым болуы – көптен бері айтылып келе жатқан үрдіс. 2009 жылғы мәліметтер пәндік олимпиададан жүлделі орынның бар болуын талап ететін «Алтын белгіні» ауыл оқушыларына қарағанда қалалықтар көбірек алатынын көрсетеді. Мәселен, 2009 жылы орта білім туралы аттестат алған қала мектептері түлектерінің 176-сы (4 515 түлектің 3,9%-ы) «Алтын белгі» төсбелгісін иеленген. Ауылдық жерлерде 3 593 түлектің 29-ы немесе жалпы мектеп бітірушілердің 0,8 пайызы ғана орта білім туралы аттестатпен қатар «Алтын белгі» алған.

Әртүрлі пәндік бағыттар бойынша оқушылардың жетістіктері мен дағдыларын халықаралық салыстырмалы зерттеулердің – PISA, TIMSS және ICILS нәтижелері де қалалық және ауылдық мектептердегі, қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердегі, арнаулы және орта мектептердегі оқушылар арасындағы білім сапасының айырмашылығын көрсетеді. Атап айтқанда, 2015 жылғы PISA қорытындысы бойынша қала оқушылары ауыл оқушыларынан 19 ұпайға жоғары нәтиже көрсеткен: қала мектептеріндегі оқушылар арасында орташа көрсеткіш 466 балл болса, ауыл мектептерінде – 447 балл. PISA әдіскерлерінің пікірінше, мұндай айырмашылық жарты жылдық оқу жылына артта қалумен тең. Оқыту тілі бойынша да айтарлықтай айырмашылықтар байқалады: орыс тілінде оқытатын мектептердің оқушылары орта есеппен 489 балл жинаса, қазақ тілді мектептердің оқушылары 50 баллға төмен нәтижеге (439 балл) қол жеткізген. PISA әдістемесіне сәйкес, мұндай айырмашылық білім беру саласындағы бір жарым жылдық кешігуге сәйкес келеді.

Елімізде математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру сапасын бағалау мақсатында 2019 жылы жүргізілген TIMSS кешенді

зерттеуінің нәтижесіне сәйкес, қалалық мектеп оқушылары математика және жаратылыстану пәндері бойынша ауылдағы құрдастарынан озып келеді. Математикадан 8-сынып деңгейінде айырмашылық 21 балл, жаратылыстану пәнінен 33 балл құраған.

Қазақстанда 2018 жылы жүргізілген ICILS сауалнамасының нәтижелері оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игерудегі айтарлықтай айырмашылықтарын көрсетеді. Осылайша, елдегі АКТ сауаттылығы өте төмен оқушылардың 5%-ы мен АКТ сауаттылығы жоғары оқушылардың 95%-ы арасындағы алшақтық 347 баллға жеткен. Айта кетерлік, зерттеуге қатысушы 14 ел бойынша орташа алшақтық 157 балл құраған. Осылайша, пандемия жағдайында қашықтықтан оқытуға көшу қарсаңында Қазақстан ICILS бойынша елдер рейтингінде соңғы 14-ші орынды иеленіп, білім берудің жаңа цифрлық заманына дайынсыздығын танытты. Қала мен ауыл бойынша толыққанды деректердің жоқтығына қарамастан, ауыл мектептерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуының, оның ішінде компьютерлермен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі, сондай-ақ республика өңірлеріндегі интернет-коммуникациялардың біркелкі дамымауы цифрлық сауаттылық бойынша ауыл оқушыларының деңгейі қалалық оқушылардан әлдеқайда төмен деген пікірге толық негіз бола алады.

Кәсіби және техникалық білім беру деңгейінде ауыл және қала жастарының білім сапасының айырмашылығы көбіне орта білім деңгейінде қалыптасқан теңсіздіктердің проекциясы болып табылады. Атап айтқанда, 2015 жылғы PISA нәтижелері мектеп оқушыларының (461 балл) оқу жетістіктері ТжКБ ұйымдарында оқитын құрдастарымен салыстырғанда (429 балл) жоғары екендігін көрсеткен. 2015 жылғы тестілеу қорытындысы бойынша қазақстандық мектеп оқушылары 461 балл жинаса, колледж студенттері 429 балл жинаған. Осылайша, тест нәтижелеріндегі айырмашылық 33 баллды құраған. Бұл, PISA әдіскерлерінің есептеулері бойынша, бір оқу жылы көлемінде артта қалумен пара-пар. Бұл нәтижелер негізгі орта білімді (9-сынып) аяқтағаннан кейін ТжКБ ұйымдарына көшу оқу үлгерімі төмен оқушылар үшін ҰБТ-ны айналып өтіп ЖОО-ға түсуге мүмкіндік беретін стратегия екендігін байқатады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі ресми статистика қалалық және ауылдық жерден шыққан студенттердің білім сапасындағы айырмашылығын толықтай бағалауға мүмкіндік бермейді. Алайда, қала мен ауыл тұрғындары шығыстарының құрылымы білім берудің бастапқы кезеңдерінде қалыптасқан және жоғары білім беру деңгейіне ұласқан ауыл мен қала студенттерінің білім жетістіктерінің арасындағы алшақтықтың жанама көрсеткіші бола алады. Нақтырақ айтқанда, ҚР СЖРА ҰСБ мәліметтері бойынша, 2021 жылғы қала мен ауыл тұрғындары шығыстарының құрылымы қала тұрғындарының орта, мектепке дейінгі білім беруге табысының 46,1 %-ын, ал ауыл тұрғындары көбінесе жоғары білім беруге (30,0 %) шығындалатынын байқатады. Егер пандемияға дейінгі 2017-2018 жылдары бұл көрсеткіштегі айырмашылық 6 п.п. құраса, 2021 жылы ол 2,5 еседен артық

ұлғайып, 16,1 п.п. құраған [13, 43]. Соңғысы қала жастарымен салыстырғанда ауыл талапкерлерінің жоғары оқу орындарында оқу үшін мемлекеттік білім грантын алу конкурсында бәсекеге қабілеттілігінің төмендігінен жанама түрде хабар береді. Қазіргі ауыл жастарына білім гранттарын бөлу кезінде квота беру жүйесі компенсациялық міндетін атқарса да, білім алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан теңсіздігін толықтай жоққа шығаруға қауқары жеткіліксіз.

Қала мен ауыл жастарының білім сапасының алшақтығының тағы бір жанама көрсеткіші магистратураға түсу үшін кешенді тестілеудің нәтижелері болуы мүмкін. Ұлттық тестілеу орталығының 2021 жылғы мәліметі бойынша, 44,3% немесе әрбір екінші талапкер магистратураға түсу үшін шекті балл жинай алмаған (2020 жылы – 45,6%, 2019 жылы – 45,2%). Шекті балл жинай алмаған талапкерлердің арасында ауыл жастарының басым екендігі туралы нақты ақпарат жоқ. Алайда, қала жастарының бастапқыда әлдеқайда дамыған тілдік қабілеттерінің болуы және бакалавриат деңгейінде шет тілдерін оқыту олқылықтары ағылшын тілін жеткілікті меңгермеу ауыл жастарының магистратураға түсудегі басты қиындықтарының бірі ретінде қабылдауға толық негіз береді. Мәселен, 2018 жылы ҰБТ ағылшын тілінде тапсыруға алғаш рет мүмкіндік енгізілген уақытта атаулы мүмкіндікті еліміздің 7 қаласының оқушылары ғана қолданған [13, 106].

Талқылау

Қала және ауыл жастарының білім сапасының қазіргі алшақтығы бірқатар факторларға, соның ішінде бірнеше негізгі факторларға байланысты: (1) білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы мен оларды материалдық-техникалық қамсыздандырудағы дисбаланс, (2) білім беру жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету проблемалары, (3) білім мен еңбек құндылықтарының трансформациясы мен (4) құрылымдық экономикалық факторлар.

Білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы мен оларды материалдық-техникалық қамсыздандырудағы дисбаланс көбінесе территориялық, демографиялық айырмашылықтар мен аймақтардың дамуындағы әлеуметтік-экономикалық диспропорцияларға байланысты тарихи қалыптасқан фактор болып табылады. Солай болса да, ұзақ уақыт бойында білім беру инфрақұрылымын дамытудағы өңірлік теңгерімсіздіктің репродукциясы ауыл және қала жастарының білім сапасының алшақтығының сақталуына ықпал етіп келеді. Ұқсас нәтижелер әлеуметтанушы Джеймс Коулманның американдық білім беру мекемелеріне қатысты зерттеулерінде кездестіруге болады [14].

Білім беру ұйымдары желісінің территориялық дамуының біркелкі еместігі Қазақстандағы білім берудің барлық деңгейлеріне тән. Мәселен, 2017-2020 жылдары аралығында орта білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті негізінен қалалық жерлерде ұлғайып отырған. Осылайша, 2020 жылы қалада мектеп саны 7 440 бірлікке өскені байқалады, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 47 мектепке (0,7%) артық. Керісінше, 2018-2020 жылдары ауыл мектептерінің жабылуына немесе қайта құрылуына байланысты желінің 76 бірлікке (1,4%) қысқаруы байқалады [15, 59].

Ұқсас жағдай мектеп пәндерін тереңдетіп оқытатын гимназиялар, лицейлер мен арнайы сыныптары бар мектептер желісін дамытуда да қалыптасуда. 2021 жылғы жағдай бойынша республикада 120 гимназия (мектеп-гимназияларды қоспағанда) болған. Олардың 32-сі – Алматы қаласында. Ал 140 мың адам контингенті бар Атырау облысында бірде бір гимназия болмаған. Еліміздегі лицейлер саны біршама азырақ: 2021 жылы 90 лицей болған. Олардың үштен бір бөлігі Нұр-Сұлтан (10 лицей) және Алматы (18 лицей) қалаларында шоғырланған [16, 66].

Орта білім беру инфрақұрылымын теңгерімді дамыту жағдайында жалпы білім беретін мектептерде үш ауысымды оқытуды жою мәселесі өзекті болып қала береді. Осыған байланысты соңғы жылдары жағымсыз үрдіс байқалып отыр. Егер 2015 жылы елімізде 110,5 мың оқушы білім алатын 87 үш ауысымдық мектеп болса, 2021 жылы 301,4 мың адам контингенті бар 169 үш ауысымдық мектеп болған. Үш ауысымдық мектептердің ең көп саны Алматы облысында (57 мектеп) тіркелген [16, 87].

Соңғы 3 жылда жеке ұйымдар есебінен жалпы саны 15 бірлікке қысқарған (2019 ж. 801-ден 2021 ж. 786-ға дейін) ТжКБ ұйымдарының желісі еліміздің өңірлерінде әлі де болса біркелкі тарамаған: жас мамандардың саны бірдей бола тұра, Алматыда 83 ТжКБ ұйымы шоғырланса, Шымкентте 33 ұйым орналасқан.

Жоғары білім деңгейінде одан да елеулі диспропорциялар байқалады. 2021 жылы жоғары білім беру ұйымдарының желісі 121 университетті құраған, оның үштен бірінен астамы Алматы қаласында, 16 жоғары оқу орны Нұр-Сұлтан қаласында және 1 ЖОО Маңғыстау облысында орналасқан. Бүгінгі таңда Алматы мен Нұр-Сұлтан қалалары студент жастарды және жалпы ішкі көші-қонды тартудың негізгі орталықтары болып табылады. Бүкіл ел бойынша университеттер желісінің теңгерімсіздігі осы үрдістің сақталуына одан әрі ықпал етеді.

Орта білім беру ұйымдарының тұрақты материалдық-техникалық жабдықталуы балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар жасаудың маңызды шарты болып табылады. Осы тұрғыда орта білім беру ұйымдарын жылумен қамту, кітапханалармен, спорт залдарымен және соған сәйкес құрал-жабдықтармен жабдықтау мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Дегенмен, 2021 жылы елімізде 2 737 мектеп қатты отынмен автономды жылытылып отырған, 796 мектептің жеке спорт залдары болмаған, 593 мектеп кітапханамен және 557 мектеп асхана мен буфетпен жабдықталмаған еді. Бұл бағыттағы айтарлықтай оң динамикаға қарамастан, республикадағы 69 мектепте әлі күнге дейін тек сыртқы дәретхана бар [16, 88-89].

Еліміздегі орта білім беру ұйымдарының 36,7 пайызын құрайтын 2 753 шағын кешенді мектептерді материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін бөлек атап өткен жөн. 2021 жылы 11 ШКМ апатты жағдайда болып, 127 ШКМ күрделі жөндеуді қажет еткен, тағы 929 ШКМ стандартты емес бейімделген ғимараттарда немесе бөлмелерде орналасқан [16, 104].

Білім беру жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету қала мен ауыл жастары арасындағы білім сапасындағы қалыптасқан алшақтықты азайтуда маңызды рөл атқарады. Ал, бұл бағытта шешімін таппаған мәселелер де аз емес.

Орта білім беру жүйесінде кадр мәселесі пән мұғалімдерінің, сондай-ақ ауылдық жерлердегі бастауыш сынып мұғалімдерінің үздіксіз жетіспеушілігімен байланысты. ҰБДБ ақпаратына сәйкес, 2020 жылы педагогикалық кадрларға деген ең жоғары сұраныс Атырау облысында (818 бірлік) байқалған. 2018 жылы бұл аймақтағы кадрлық қажеттілік 2 есе аз (404 бірлік) болған. Сондай-ақ, педагогикалық кадрларға деген жоғары қажеттілік халқы тығыз орналасқан аймақтарға тән: Алматы (706 бірлік), Түркістан (599 бірлік) және Қарағанды (508 бірлік) облыстары. Педагогикалық кадрларға ең аз қажеттілік Ақмола (19 бірлік), Павлодар (29 бірлік) және Қостанай (44 бірлік) облыстарында байқалады. Жалпы, 2020 жылдың қорытындысы бойынша күндізгі жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне деген тапшылық 4 606 адамды құраған [15, 130].

ШКМ жағдайында, педагогикалық кадрлардың жалпы тапшылығымен қатар, біліктілігінің айтарлықтай төмендігі тән. ҰБДБ мәліметтері бойынша, 2021 жылы ШКМ-дегі 50 568 мұғалімдердің 27,3%-ында біліктілік санаты болмаған. Олардың 98,9%-ы ауылдық жерлердегі ШКМ-де жұмыс істеген [15, 103].

Тарихи қалыптасқан факторлармен қатар сапа алшақтығын азайту үрдісін ұлттық білім беру жүйесінің алдында тұрған жаңа міндеттер айтарлықтай тежеуде. Мәселе ең алдымен білім беру жүйесінің пандемияның орта және ұзақ мерзімді салдарына бейімделу қабілетіне байланысты болып отыр.

Пандемия және оның нәтижесінде қашықтан оқытуға көшу білім берудегі елеулі цифрлық алшақтықты қалыптастыруға ықпал етті. Интернеттің кең таралмауы және жылдамдығының төмендігі, оқушылардың компьютерлік технологияларға әркелкі қолжетімдігі мен мұғалімдердің қашықтан оқытуға көшуге дайын еместігі білім берудің барлық деңгейінде, ең алдымен, мектептерде кездесетін негізгі мәселелерге айналды. Ең қолайсыз жағдай ауылдық жерлерде тұратын жастар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақсыз отбасынан шыққан балаларға тән болды. Елдегі эпидемиологиялық жағдайдың салыстырмалы түрде тұрақтануына және мемлекет тарапынан 2021 жылы жасалып жатқан іс-шараларға қарамастан, мектептерді одан әрі ақпараттандыру міндеті өзекті болып қалуда. Атап айтқанда, 2021 жылы мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде «оқушы-компьютер» қатынасы 4:1 (Түркістан облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында – 7:1) құраған, ШКМ – 2,1:1 (мәселен НЗМ-де бұл қатынас – 1:1) жеткен. Мектептердегі интернет жылдамдығы да біркелкі емес: 11 мектепте, оның ішінде Түркістан облысында орналасқан 9 мекемеде, интернет жылдамдығы 512 кбит/с төмен болды. Ал, індеттің орта білім сапасына кері әсері қазірдің өзінде байқалуда, мұны динамикадағы ҰБТ нәтижелерінен байқауға болады. Мысалы, 2019 және 2020 ҰБТ нәтижелері қала мен ауыл оқушыларының арасындағы алшақтықтың

артқанын көрсетеді. Егер 2019 жылғы тестілеу нәтижесі бойынша алшақтық 1,43 балл болса, 2020 жылы 4,47 балл құраған [15, 100].

Жастардың құндылықтар жүйесіне білім беру құндылықтарының әлсіз интеграциясы жастардың білім сапасының алшақтығын арттыруға ықпал ететін тағы бір маңызды фактор болып табылады. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2022 жылғы мониторингілік әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, жастардың қаржылық жағынан қауіпсіз өмірге деген ұмтылысы (39,3%) жоғары. Білім мен ғылым жастардың құндылықтар жүйесінде тек бесінші орынға ие (19,5%). Респонденттердің **«Сіз үшін өмірде ең қымбат не?»** деген бірнеше таңдаулы сұраққа жауаптары жастардың санасында білім алу болашақта қамсыз өмір сүру мүмкіндігімен байланысты емес екендігінен хабар береді. Басқаша айтқанда, қазақстандық жастардың көзқарасында білім әлеуметтік жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік лифт ретінде өз функциясын атқара бермейді. Сонымен қатар, отбасылық және денсаулық құндылықтарының білімнен басым болуы негізгі қоғамдық институттардың өз функцияларын атқаруда қауқарсыз екенін байқатады.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, студенттердің оқу жетістіктеріндегі алшақтықты қалыптастыруға көп ықпал ететін негізгі факторлардың бірі **контекстілік әлеуметтік-экономикалық жағдайлар.** Мәселе ең алдымен мектеп оқушыларының ата-анасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы болып отыр. Отбасының әлеуметтік жағдайы мен жалпы мәдениетінің баланың білім берудегі жетістеріне куммулятивті әсері жөніде француз мектептерінің мысалында Мари Дюрю-Белланың еңбектерінде кездестіруге болады [17].

PISA әдіскерлерінің мәліметі бойынша, қазақстандық оқушылардың 30%-дан астамының білім нәтижелеріне олардың ата-аналарының жұмысбастылық индексі айтарлықтай әсер етеді [18]. Ата-анасы жұмыссыз немесе табысы төмен отбасынан шыққан студенттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары ата-аналардың балаларына қарағанда жоғары оқу үлгеріміне қол жеткізу ықтималдығы төмен. Сонымен қатар, ҚР ҰЭМ ҒК ашық деректеріне сәйкес, 2020 жылы ауылдағы кедейлердің үлесі табысы төмен халықтың жалпы санындағы 56,4%-ды құрады. Сонымен қатар, ауылдағы барлық кедейлердің 34 пайызы жастар үлесі басым Түркістан облысында шоғырланған. Пандемия дағдарысы жағдайында әлеуметтік-экономикалық факторлар білім берудегі теңсіздіктерді, соның ішінде қала мен ауыл жастары арасындағы білім сапасының алшақтығын жоққа шығаруға бағытталған басқару процестеріне кері әсерін тигізеді деуге толық негіз бар.

Контекстілік әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін қазіргі білім беруді қаржыландыру жүйесінен де байқауға болады. Елімізде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру енгізілгенге дейінгі жағдайда кейбір мектептер сапалы білім беру үдерісін қамтамасыз етуге қажетті толық қаржы ресурстарымен қамдалса, басқалары қаржы жетіспеушілігінен білім берудің

жоғары сапасын қамтамасыз етуде қауқарсыз болды. 2021 жылдан бастап орта білім беру жүйесінде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру толықтай енгізіліп, оны ТжКБ, сондай-ақ кейінгі жылдарда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне дейін кеңейту жағдайында қаржыландырудағы теңгерімсіздік мәселесі толығымен шешілуі тиіс. Дегенмен, қазіргі уақытта қала және ауыл жастарының оқу жетістіктеріндегі алшақтықты қысқартуға жол ашатын жағдайларды (қаржылық-экономикалық тәуелсіздікті арттыру және ресурстарды тиімдірек басқару, материалдық-техникалық жарақтандырудағы диспропорцияларды теңестіру және т.б.) кеңейтудегі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың оң әсері туралы айту әлі де болса ерте.

Қорытынды

Білім беру баласындағы статистикалық және социологиялық мәліметтер мен салыстырмалы зерттеу нәтижелерін талдау негізінде Қазақстандағы қала мен ауыл жастарының білім жетістіктеріндегі алшақтықтың қалыптасуындағы құрылымдық факторлар анықталған. Олардың қатарында: (1) білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы мен оларды материалдық-техникалық қамсыздандырудағы дисбаланс, (2) білім беру жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету проблемалары, (3) білім мен еңбек құндылықтарының трансформациясы мен (4) құрылымдық экономикалық факторлар.

Тиісті факторлар білім беру саласында орталық және жергілікті деңгейдегі саяси шешім қабылдауда әлі де болса жеткіліксіз дәрежеде ескеріліп келеді. Оған соңғы онжылдықтар ауқымында байқалып келген жастардың білім жетістіктеріндегі алшақтық дәлел. Аталмыш және қосымша факторлар ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан егжей-тегжейлі зерттеуді және тиісті шешім қабылдауды талап етеді.

ҚЫСҚАРТУЛАР:

ҚР СЖРА ҰСБ – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ОЖСБ – Оқу жетістіктерін сырттай бағалау
ҰБТ – Ұлттық біліктілік тестілеу
ҰБДБ – Ұлттық білім беру деректер базасы
ШКМ – Шағын кешенді мектептер
НЗМ – Назарбаев зияткерлік мектептері
ПНФ – Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру
ТжКБ – Техникалық және кәсіби білім беру
ICILS – International Computer and Information Literacy Study
PISA – Programme for International Student Assessment
TIMSS – Trends in International Mathematics and Science Study

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bourdieu P., Passeron J.-C. Les hérities: les étudiants et la culture, Paris, Les Éditions de Minuit, 1964.
2. Boudon, R. Education, opportunity, and social inequality: Changing prospects in western society. New York: Wiley, 1974
3. Coleman J.S. Equality of educational opportunity. Washington: National Center for Educational Statistics (DHEW/OE), 1966.
4. Константиновский Д.Л. Неравенство в сфере образования: Российская ситуация // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены, 2010, №5 (19), С. 76-97
5. Dechaux Jean-Hugues, 2010, «Agir en situation: effets de disposition et effets de cadrage », Revue française de sociologie, 2010/4 (Vol. 51), p. 720-746.
6. Dubet François, 1995, Sociologie de l'expérience, Paris, Seuil, p. 271
7. Le Feuvre Nicky, 2013, «Femmes, genre et sciences : un sexisme moderne ?» in Margaret MARUANI (dir.), Travail et genre dans le monde, La Découverte «Hors collection Sciences Humaines», pp. 419-427.
8. Tain Laurence, 2013, Le corps reproducteur, Rennes, Presses de l'EHESP.
9. Emmanuelle Santelli, 2019, «L'analyse des parcours. Saisir la multidimensionnalité du social pour penser l'action sociale», Sociologie, 2(2), pp. 153-171.
10. Karimova, Zh. Carrières des femmes et des hommes en mathémathiques: une analyse comparative des dynamiques sociales et de genre en France et au Kazakhstan. Monographie. – Nour-Soultan: Institut kazakhstanais des études stratégiques auprès du Président de la République du Kazakhstan, 2022. – 524 p.
11. Ұлттық тестілеу орталығының ОЖСБ бойынша статистикалық мәлеметтері: URL:http://www.testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-voudso/index.php (қаралған күні: 13.08.2022.)
12. Куттыбаев Д. 420 медалей в самых престижных предметных олимпиадах удалось выиграть школьникам Казахстана. URL:https://kazpravda.kz/n/420-medaley-v-samyh-prestizhnyh-predmetnyh-olimpiadah-udalos-vyigrat-shkolnikam-kazahstana/ (қараған күні: 13.08.2022).
13. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года) / М. Атанаева, М. Аманғазы, Г. Ногайбаева, А. Ахметжанова, М. Шакенова, Г. Карбаева, Ж. Джумабаева, Н. Касымбекова, М. Даулиев, Д. Абдрашева, А. Кусиденова. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2019. – 364 стр.
14. Coleman J.S. Families and Schools // Educational Researcher, 1987, vol. 16, n 6, p. 32-68
15. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2020 года). - Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2021. - 310 стр.
16. «Статистика системы образования Республики Казахстан». Национальный сборник. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2022. – 308 стр.
17. Duru-Bellat M. L'école des filles : quelle formation pour quels rôles sociaux ? [School for girls: what training for what social roles?] Paris: The Harmattan, 2004
18. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. А. Култуманова, Г. Бердибаева, Б. Картпаев, И. Иманбек, К. Шарбанова, М. Рахимова, Ж. Жумабаева, З. Пирнепесова, Б. Окенова, А. Увалиева. Астана: НЦОСО, 2013 - 283 стр. – с.202

REFERENCES:

1. Bourdieu P., Passeron J.-C. Les hérities: les étudiants et la culture [The heirs: students and culture], Paris, Les Éditions de Minuit, 1964.
2. Boudon, R. Education, opportunity, and social inequality: Changing prospects in western society. New York: Wiley, 1974
3. Coleman J.S. Equality of educational opportunity. Washington: National Center for Educational Statistics (DHEW/OE), 1966.
4. Konstantinovskij D.L. Neravenstvo v sfere obrazovaniya: Rossijskaya situatsiya [Inequality in Education: The Russian Situation] // Monitoring obshhestvennogo mneniya: ehkonomicheskie i sotsial'nye peremeny [Public Opinion Monitoring: Economic and Social Changes]. 2010, №5 (19), P. 76-97

5. Dechaux Jean-Hugues, 2010, « Agir en situation: effets de disposition et effets de cadrage » [Acting in situation: effects of disposition and effects of framing], Revue française de sociologie [French journal of sociology] 2010/4 (Vol. 51), p. 720-746.
6. Dubet François, 1995, Sociologie de l'expérience [Sociology of experience], Paris, Seuil, p. 271
7. Le Feuvre Nicky, 2013, « Femmes, genre et sciences : un sexisme moderne ? » [Women, gender and science: modern sexism], in Margaret MARUANI (dir.), Travail et genre dans le monde [Work and gender in the world], La Découverte « Hors collection Sciences Humaines », pp. 419-427.
8. Tain Laurence, 2013, Le corps reproducteur [The reproductive body], Rennes, Presses de l'EHESP.
9. Emmanuelle Santelli, 2019, «L'analyse des parcours. Saisir la multidimensionnalité du social pour penser l'action sociale » [Life course analysis. Grasp the multidimensionality of the social to think about social action], Sociologie, 2(2), pp. 153-171.
10. Karimova, Zh. Carrières des femmes et des hommes en mathémathiques: une analyse comparative des dynamiques sociales et de genre en France et au Kazakhstan. Monographie. [Careers of women and men in mathematics: a comparative analysis of social and gender dynamics in France and Kazakhstan] – Nour-Soultan: Institut kazakhstanais des études stratégiques auprès du Président de la République du Kazakhstan, 2022. – 524 p.
11. Ulttyq testıleu ortalyğynyñ OJSB boiynsha statistikalyq malemetterı [Statistical data of the National Testing Center for OJSC]. URL:http://www.testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-voudso/index.php (Accessed: 13.08.2022.)
12. Kuttybaev D. 420 medalej v samykh prestizhnykh predmetnykh olimpiadakh udalos' vyigrat' shkol'nikam Kazakhstana [420 medals in the most prestigious subject Olympiads were won by schoolchildren of Kazakhstan]. URL:https://kazpravda.kz/n/420-medaley-v-samyh-prestizhnyh-predmetnyh-olimpiadah-udalos-vyigrat-shkolnikam-kazahstana/ (Accessed: 13.08.2022).
13. Natsional'nyj doklad o sostoyanii i razvitii sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan (po itogam 2018 goda) [National report on the state and development of the education system of the Republic of Kazakhstan (based on the results of 2018)] / M. Atanaeva, M. Amangazy, G. Nogaibaeva, A. Akhmetzhanova, M. Shakenova, G. Karbaeva, J. Jumabaeva, N. Kasymbekova, M. Dauliev, D. Abdrasheva, A. Kusidenova. - Nur-Sultan: Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, JSC "Information and Analytical Center", 2019. - 364 pages. –
14. Coleman J.S. Families and Schools // Educational Researcher, 1987, vol. 16, n 6, p. 32-68
15. Natsional'nyj doklad o sostoyanii i razvitii sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan (po itogam 2020 goda) [National report on the state and development of the education system of the Republic of Kazakhstan (based on the results of 2020)]. – Nur-Sultan: Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, JSC "Information and Analytical Center", 2021. – 310 pages.
16. «Statistika sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan». Natsional'nyj sbornik ["Statistics of the education system of the Republic of Kazakhstan". National collection]. – Nur-Sultan: Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan, AO «Informatsionno-analiticheskij tsentr», 2022. – 308 str.
17. Duru-Bellat M. L'école des filles : quelle formation pour quels rôles sociaux ? [School for girls: what training for what social roles?] Paris: The Harmattan, 2004
18. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. А. Култуманова, Г. Бердибаева, Б. Картпаев, И. Иманбек, К. Шарбанова, М. Рахимова, Ж. Жумабаева, З. Пирнепесова, Б. Окенова, А. Увалиева. Астана: НЦОСО, 2013 - 283 стр. – С.202